Мақсаты: Отанды сүйуге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау, білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

2.«Сиқырлы математика елінде» 5 жастан бастап балаларға арналған оқу әдістемік кешені. Бағдарлама аптасына 1 рет, айына 4 рет, жылына 36 сағаттан тұрады.

Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу арқылы балаларды мектепке оқуға даярлау. Берілген тапсырмалар арқылы тілін, ақыл-ойларын дамыту. Заттарды санау, салыстыру, есептеу сияқты мәселелерді шешу. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

3.«Лего құрастыру» авторлық бағдарламасы. Авторлық бағдарлама 5 жаста бастап балаларға арналған. Лего құрастыру балалардың практикалық және зияткерлік дамуын ынталандырады және тәжірибе еркіндігін шектемейді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі заман талабына сай ойлау қабілетін игереді. құрап отыр. Бағдарлама аптасына 1 рет, айына 4 рет, жылына 36 сағатты құрап отыр.

Мақсаты: Балалардың арнайы жоспарланған тақырыптар бойынша ізденіс жұмыстарын орындай отырып, теориялық білімдерін тереңдетуге, өз беттерімен ізденіс жұмыстарын жүргізуге баулу.

Оқу қызметін ұйымдастыру тәрбиеші деңгейінде және бала деңгейінде оқу қызметін басқару іс-әрекеттерінің кешенін қамтитын конспекттерде көрсетілген. Балалармен жұмыс істейтін барлық педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ересектермен және құрдастарымен достық негізінде қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық ұжыммен педагогикалық процесте әр түрлі технологияларды пайдаланады:

№	Педагогикалық технологияның атауы	Технологияны өз тәжірибесінде қолданатын педагогтар саны
1	М. Монтессори технологиясы	4
2	Жобалау технологиясы	3
3	ӨТШТ технологиясы	10
4	Дамыта оқыту технологиялары (Дьенеш, Воскобович, Кюизенер, Луллий, Ақылды карта, Никитиндер)	педагогикалық ұжым
5	Түзету - дамыту технологиялары	педагогикалық ұжым
6	Ақпараттық - компьютерлік технологиялар	педагогикалық ұжым
7	Денсаулық сақтау технологиялары	педагогикалық ұжым
8	Проблемалық оқыту технологиясы	педагогикалық ұжым
9	Тұлғаға бағытталған технология	педагогикалық ұжым
10	Дәстүрден тыс технология	педагогикалық ұжым
11	Мнемотехнология	педагогикалық ұжым
12	Лего технологиясы	педагогикалық ұжым
13	4 к моделі	5

Мария Монтесорри технологиясын кіші топтың тәрбиешілері Миргалиева А.К., Мырзагалиева Ж. М., Ақауова А.К. және Ермағамбет А.Б. қолданады. Жобалық технологияны жүзеге асыру барысында педагогтар Торина С.А., Махшат Ғ.Қ. облыстық педагогикалық колейдоскоп «Дені саудың, жаны сау» және Қарғабаева А.С. қалалық «Біз эко волонтерміз» атты т.б. жобалар әзірлеп, қатысты. ТРИЗ технологиясын Абилтаева Ұ.К., Мендікұлова А.М. және Козбакова А.Ш. ересек және ортаңғы тобының тәрбиешілері сәтті қолданады. Түзету және дамыту технологияларын мектепке дейінгі педагогтар және психолог Тоқумбаева Ш.Ж. психогимнастика, ертегі терапиясы, құм терапиясы, мандалотерапия көмегімен балалардың эмоционалды-еріктік саласын түзетеді, психикалық процестерді дамытады. Басқа да топ тәрбиешілері Н. В.Белояр әдісі бойынша таңертеңгілік жаттығулар өткізеді. 4К моделін ортаңғы топ тәрбиешісі Козбакова А.Ш. және мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Қарғабаева А.С. қолданады.

Педагогтердің ұйымдасқан оқу қызметінің кестесін СанЕмН сәйкес құру принциптері; Тәрбиеленушілер қызметі сипатының алмасуын қамтамасыз ететін ұйымдасқан оқу қызметінің көрсетілу тұрғысынан кестенің теңгерімділігі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы барлық ұйымдастырылған оқу қызметі Балабақшаларға арналған СанЕмН 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, МЖМБС 2018 жыл 31 қазан №604 (өзгеріс енгізілді 05.05.2020 [№ 182](#) бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (өзгеріс енгізілді 24.09.2020 [№ 412](#)), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (өзгеріс енгізілді 12.05.2020 № 195 бұйрығы) сәйкес әзірленіп, оқу жұмыс жоспары құрылған. Бес білім беру саласы (Денсаулық, Қатынас, Шығармашылық, Таным, Әлеумет) бойынша баланың құзыреттілік дамуын іске асыруды көздейді.

Кіші топ (2 жастан бастап) – 9 ұйымдасқан оқу қызметі,

Ортаңғы топ (3 жастан бастап) – 11 ұйымдасқан оқу қызметі + 1 вариативті компонент,

Ересек топ (4 жастан) – 12 ұйымдасқан оқу қызметі + 2 вариативті компонент,

Мектепалды даярлық топ (5 жастан) – 17 ұйымдасқан оқу қызметі + 3 вариативті компонент,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы нормадан аспайды:

2 жастан бастап - 10-15 минут,

3 жастан бастап – 15-20 минут,

4 жастан бастап – 20-25 минут,

5 жастан бастап – 25-30 минут

Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында сергіту сәттері, саусақ гимнастикасы, көзге арналған гимнастика, релаксация жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметі арасындағы үзілістер - кемінде 5- 10 минут. Вариативті компонент күндізгі ұйқыдан кейін түстен кейін жүзеге асырылады. Жазғы кезеңде оқу қызметі жүргізілмейді. Бірақ, мектепке дейінгі кезеңнің балалары үшін жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру салалары бойынша жүргізілетін жұмыстың бағыттары жүзеге асырылады. Жазғы кезең балалардың қимыл-қозғалысын арттырып, тілдік қарым - қатынасын қалыптастырып, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін және әлеумттік ойын әрекетін дамыту болып табылады.

Ұлттық ойындар және спорттық ойын-сауықтар, экскурсиялар және т.б. ұйымдастырылады, сонымен қатар серуендеу ұзақтығы артады. Мектеп жасына дейінгі балалармен барлық ұйымдасқан оқу қызметі ойын түрінде, дамыту технологияларын қолдана отырып өткізіледі, бұл балалардың жүктемесін азайтуға және олардың шамадан тыс жүктелуінің алдын алуға көмектеседі. Күн тәртібі әр түрлі жас топтарындағы балалардың ұйқысының ұзақтығы санитарлық-гигиеналық нормаларына сәйкес келеді, таза ауада жеткілікті болуды;

сауықтыру және алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруды; сипаты бойынша әр түрлі қызмет түрлерінің, ақыл-ой және дене жүктемелерінің ұтымды үйлесімін қамтитын ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттер өткізуді көздейді.

Мектепке дейінгі мекеме жұмысының сәттілігі көбінесе жылдық жоспарларда белгіленген әдістемелік жұмыстың сапасына байланысты.

Әдістемелік қызмет жұмысының негізгі бағыттары.

Ұйымдастырушылық - педагогикалық:

- педагогикалық кеңес
- семинар
- әдістемелік кеңес
- шығармашылық топ
- жас педагог мектебі
- тәрбиешілер ӘБ

Педагогикалық ұжымның қызметін жүйелі талдау және проблемалық мәселелерді талқылау педагогикалық кеңестерде жүзеге асырылады.

Педагогтар жалпы ақпараттар құралдарымен белсенді ынтымақтасады: Республикалық ғылыми - әдістемелік журнал «UZDIK USTAZ», Республикалық «BILIM – AINASY», Республикалық ғылыми – әдістемелік «Тағылым» журналдарымен серіктестік болды, облыстық жеті сайынғы қоғамдық ақпараттық - білім газеті «Учительская плюс», «Қостанай таңы», «Өрлеу» - Қостанай дауысы» газеттеріне мақала, дөңгелек үстел және қалалық, облыстық конкурс, халықаралық, республикалық және облыстық конференцияларға қатысады. Озық педагогикалық тәжірибелерді енгізуге және жинақтауға көмек көрсетіледі. 2019 жылдан 2021 жыл бойынша 14 әдістемелік әзірleme Республикалық Кітаптық Палаталар мақұлдауды алды және оған халықаралық кітаптық нөмір берілді. Әр түрлі әдістемелік жұмыс түрлері арқылы өткен, тәрбиешілер тек қана кәсіби деңгейін арттырып қоймайды, олар үшін жаңа нәрсе үйрену қажеттілікке айналады, тағыда не білмейтінін жасауды үйренеді.

Балалардың дағдысын және біліктерін дамыту үшін мониторингісінің нәтижелері негізінде жеке білім маршруты әзірленеді. Балаларға аумақты дамытушы мүмкіндіктер кешені беріледі, оларды өздігінен, шығармашылық және еркін белсенділігін көрсетуге орта итермелейді. Әр түрлі дидактикалық қамтамасыз ету оларға орнын таңдауға мүмкіндік береді, олардың талап және мүддесімен жауап беретін, еркін бос уақыт қамтамсыз етілген, бала ұйымдастырылған оқу қызметтерінен бос уақытында қалауы бойынша қызметтің түрін таңдауға құқығы бар. МДҰ тәрбиелеу процесі баланың әлеуметтік дамуымен байланысты, қоғамдағы жүріс - тұрыс ережесі және нормаларын игерумен, балаларда төзімділік сезімі, басқаның ойына шыдамдылық, басқаның құқығын құрметтеу және мойындай білуге тәрбиелейді. Кіші топтарда балалар үшін сенсорикалық ойыншықтар мен материалдар бар. Барлық топтарда сюжетті - ойындық, ойындық, оқу қызметтері материалына сәйкес, сондай-ақ табиғат орталығы бар. Көркем - тілдік қызметтерді белсендіру үшін материал жинақталған: бұлар театрдың әр түрлі нұсқалары: көлеңкелі, саусақтар, үстел үстілік, педагогтардың қолымен дайындалған. Топтардың тәрбиелеу - дамытушы ортасы қызметтердің барлық түрлерінің алдында ойындардың басымдығын қамтамасыз етеді.

МДҰ педагогикалық процестің барлық қатысушыларымен балабақша - отбасы кеңістігі құрылды: балаларға, ата – аналарға және тәрбиешілерге қолайлы, жайлы, қызық.. Қазіргі жағдайда барлық педагогтар үшін мектепке дейінгі ұйымның сайты, мессенджерлер арқылы балалармен және ата - аналармен қашықтықтан жұмыс жасайға жағдайлар жасалған.

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының қызметтерінің бірден бір маңызды аспектілері психологиялық - педагогикалық сауықтыруды іске асыру және әлеуметтік бейімдеу себебіне байланысты қазіргі қоғамда жағдайлар жасау болып табылады. «№ 13

бөбекжайы» КМҚК түзету - тәрбиелік жұмысы – бұл арнайы педагогикалық шаралар жүйесі, ол денсаулық мүмкіншілігі шектеулі балаларда бар проблемаларды шешуге бағытталып қоймай, бала тұлғасын тұтастай қалыптастыруға да бағытталады. «№ 13 бөбекжайы» КМҚК педагог-психологының негізгі қызмет бағыты: психологиялық диагностика, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру, психологиялық профилактика, психологиялық сауаттандыру, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар болып табылады. Психологиялық диагностика аясында тәрбиешілер мен ата-аналарға және өздеріне пайдалы болатын балалардың жеке психикалық ерекшеліктері туралы ақпарат беру бойынша жұмыс жасалады.

Балабақшадағы психодиагностикалық жұмыс келесі бағыттар бойынша жүреді: танымдылық саласы диагностикасы (ойлау, ес, зейін, қабылдау, қиялдау, ұсақ моторика); эмоционалды-ерік саласы диагностикасы (агрессиялық өзін-өзі ұстау, үрей, қорқыныш, мектепке дайындық); қатынас саласындағы диагностика (кұрбыларымен, ересектермен қарым-қатынаста болу қиындығы). Белгіленген проблемаларды анықталған жағдайда ата-аналарға нақты шешім ұсынылды, қажеттілік болса, мамандарға жіберілді. Диагностикалық тексеріс қолданылған шаралар нәтижесін байқау мақсатында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілгеннен кейін өткізілді.

Мамандар (дене шынықтыру нұсқаушысы, психолог, музыка жетекшісі, орыс тілі мұғалімі) педагогикалық техниканы меңгерген, педагогикалық қызмет компонентін игерген, педагогикалық рефлексия, шығармашылық ойлауды дамытудың бірден бір маңызды факторлары болып табылады. Жүйелі мониторинг балалардың дамуына түзетулік - білім беру процесі барысында, динамикалық, кешенді, жан-жақты және баланы мақсатты үйретуге, білім беру процесін әлеуметті - психологиялық сүйемелдеу негізі болып табылады.

Мектепке дейінгі балалар – туғаннан зерттеушілер. Бұған дәлел – олардың құмарлығы, тұрақты эксперимент жасауға ұмтылу, мәселелік жағдайларда дербес шешімін табуға ниеті. Танымдық - зерттеу қызметін ұйымдастыру төрт өзара байланысты бағыттар бойынша жүргізіледі. Қоршаған ортамен танысу мектепке дейінгі балалардың белсенді позициясын қалыптастыру бойынша жұмыстардың тиімді түрі жобалау әдісі болып табылады. Бұл әдістің негізі - баланың өзіндік қызметі – зерттеу, танымдық, нәтижелілік, оның барысында бала қоршаған әлемді таниды және өміріне жаңа білім. Тәрбиешілермен ақпаратты – практикалық – бағдарланған жобалар әзірленді. Жобаларға қатысушылар балалар, тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері, ата-ана, музыка жетекшісі болды.

Жұмыс тәжірибелері Педагогтар жалпы ақпараттар құралдарымен белсенді ынтымақтасады: Республикалық ғылыми - әдістемелік журнал «UZDIK USTAZ», Республикалық «BILIM – AINASY», Республикалық ғылыми – әдістемелік «Тағылым» журналдарымен серіктестік болды, облыстық жеті сайынғы қоғамдық ақпараттық - білім газеті «Учительская плюс», «Қостанай таңы», «Өрлеу» - Қостанай дауысы» газеттеріне мақала, дөңгелек үстел және қалалық, облыстық конкурс, халықаралық, республикалық және облыстық конференцияларға қатысады.

2018 жылдың 23 ақпандағы сараптамалық кеңес отырысының № 2 хаттамасымен Уралбаева А.Е., Омарова К.С., Ақауова А.К. «Сиқырлы математика елінде» 5-6 жастағы балаларға арналған оқу әдістемелік кешені: вариативтік компонент ISBN 978-601-312-366-0 «Өрлеу» Ұлттық Біліктілікті Арттыру Орталығы АҚ;

2018 жылы Утегенова Г.М., Амирханова А.Ы. «Дидактические игры и лексические упражнения как средство развития словаря у детей дошкольного возраста» «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN №978-601-336-013-3, 2018 жылы Абильтаева У.Қ.

Сүйіндікова Н.С., Ибраева Ж.Ж. «Сиқырлы бояу патшалығында» (оқу –әдістемелік кешені) 3-4 жастағы балаларға арналған вариативтік компонент. «Өрлеу» Ұлттық Біліктілікті Арттыру Орталығы АҚ ISBN 978-601-312-401-8,

2019 жылы 29 наурыздағы № 3 хаттама «Көшбасшы» оқу-әдістемелік орталығының ҒӘ кеңесінің шешімімен Мырзағалиева Ж.М., Алимханова А.К., Каргабаева А.С., Козбакова А.Ш. «Лего құрастыру» (авторлық бағдарлама) ISBN 325-859-1224-28-06,

2019 жылы 25 мамырдағы № 5 хаттама «Көшбасшы» оқу-әдістемелік орталығының ҒӘ кеңесінің шешімімен Уралбаева А.Е., Успанова А.О., Токумбаева Ш.Ж., Самат А.Ж. «Рухани жаңғыру» авторлық бағдарлама ISBN 852-214-8695-01-12,

2019 жылы Успанова А.О., Токумбаева Ш.Ж. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналаған «Рухани жаңғыру аясында ұлттық қазына» атты әдістемелік жиынтығы «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN 978-601-336-667-8, 2019 жылы Козбакова А.Ш., Утегенова Г.М., Омарова К.С. «Туған өлкем- Қостанай» (оқу әдістемелік құралы) ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN 978-601-336-668-5

2020 жылы Утегенова Г.М. «Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауға мнемотехника әдісін қолдану» «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN № 978-601-343-150-5,

2021 ж.12 қаңтар № 671 хаттамасымен халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде талқыланып, мақұлданған және баспаға ұсынылған.Абильтаева У.Қ., Мырзағалиева Ж.М., Алимханова А.К., Талғатбекқызы А. «Дидактикалық ойындар арқылы баланың тілін дамыту» Авторлық бағдарлама ISBN 978-601-09-0466-8,

2021 жылы Машхат Ғ.Қ., Қарғабаева А.С. «Ұлттық ойындар түрлері» (мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдістемелік құрал) «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN 878-6017348-23-5,

2021 жылы Мирғалиева А.К., Қарғабаева А.С., Утегенова Г.М., Амирханова А.Ы. В. Воскобовичтің дамытушылық ойындары "Қызықты ойын әлемі" (әдістемелік көмекші құрал) «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN № 978-601-7234-31-4,

2021 жылы Успанова А.О., Токумбаева Ш.Ж., Абилова А.А., Агимбаева Ә.Т. «Кел, балақай, ойнайық!» әдістемелік құрал «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN 978-601-359-076-9,

2021 жылы Утегенова Г.М., Козбакова А.Ш., Амирханова А.Ы., Қарғабаева А.С. «Ұлттық құндылықтар - тәрбие түп қазығы» оқу-әдістемелік бағдарламасы «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN № 978-601-343-643-2,

2021 жылы Утегенова Г.М., Уралбаева А.Е., Омарова К.С., Мирғалиева А.К. «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық-бағытталған тәсілдеріне арналған ойындар» (мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған оқу әдістемелік құралы тәрбиешілерге және тәрбиеленушілерге арналған көмекші құрал). «ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ» ISBN № 978-601-5693-08-4.

Интерактивті тақтаны қолдану арқылы мектепке дейінгі білім беру тартымды бола түсті. Интерактивті және мультимедиялық құралдар жаңа білімді игеруге деген ұмтылысты шабыттандырады, акпарат беру мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді және баланың уәжін күшейтеді. Технологиялық тәсіл мектепке дейінгілердің алдағы мектептегі оқуына табыс және жағары жетістікке жетуіне кепілдік береді.

Дене шынықтыру нұсқаушысымен үш есептік жыл ішінде ай сайын дене тәрбиелік – сауықтыру ойын - сауықтары өткізілді

Үш жылда барлық істелінген спортты – сауықтыру жұмысы мектепке дейінгі балалардың сырқаттарын азайтуға себепші болды, осы мәселе бойынша педагогтардың білімдерін кеңейту.

Жұмыстар нәтижесі – үш есептік жыл ішінде балалардың денсаулық сақтау біліктіліктері бойынша ең жоғары көрсеткіш. Мектепке дейінгі балалардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында, тәрбиешілерді шығармашылық қызметтерге ояту, мектепке дейінгілерді тәрбиелеу мәселесіне тәрбиеленушілердің ата - анасын қатыстыру балабақшада жыл сайын байқау-конкурсы өтіледі. Байқау – конкурстарын өткізу үшін ереже әзірленеді, директордың бұйрығы шығарылады. Байқау - конкурстарының қорытындылары педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңесте қарау үшін шығарылады. Жеңімпаздар грамотамен марапатталады. Соңғы үш жылда педагогтар кәсіптік конкурстарға қатысып 6 педагог жеңімпаз болып табылды.

2018 - 2019 оқу жылы			2019 - 2020 оқу жылы			2020 - 2021 оқу жылы		
Конкурсқа қатысу	Конференцияға қатысу	Семинар, ӘБ, ӘК, олимпиадаға қатысу	Олимпиада конкурс оның ішінде сырттай түріне қатысу	Конференцияға қатысу	Семинар ӘБ, ӘК, қатысу	Конкурсқа қатысу	Конференцияға қатысу	Семинар, ӘБ, ӘК,олимпиадаға қатысу

Қалалық. 1	0	1	0	0	1	3	0	1
Облыстық. 0	1	1	0	0	0	0	3	0
Республ. 0	1	0	38	0	0	37	6	2
халықара. 0	0	0	1	0	0	5	0	0

Талдау нәтижелері педагогтардың инновациондық белсенділігінің артқанын көрсетті. 2019 - 2021 оқу жылы бұл көптеген педагогтардың аттестациясына байланысты. Педагогтардың ғылыми - зерттеу қызметтерінің барлық нәтижелері, сайып келгенде, мектепке дейінгі ұйымдардың балаларымен тәрбиелік жұмысына бағытталған.

Тәрбиеленушілерді психологиялық және түзетушілік қолдауды қамтамыз ету

«№ 13 бөбекжайы» КМҚК түзету-тәрбиелік жұмысы – бұл арнайы педагогикалық шаралар жүйесі, ол денсаулық мүмкіншілігі шектеулі балаларда бар проблемаларды шешуге бағытталайын қоймай, бала тұлғасын тұтастай қалыптастыруға да бағытталады.

«№ 13 бөбекжайы» КМҚК педагог-психологының жұмысының негізгі мақсаты балалардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету, ол өз кезегінде баланың балалық шағының барлық кезеңдерінде психологиялық жағынан толыққанды дамуына әкеледі.

Қойылған мақсатқа сай, қарастырылған мерзімде жүзеге асырылған келесі міндеттерді бөліп көрсетуге болады:

- балалардың табиғи дамуына арналған жайлы жағдай туғызу;
- баланың жеке ерекшеліктері: қызығушылығы, қабілеті зейіні, сезімі, қарым-қатынасын дамыту;
- балабақшада жағымды психологиялық микроклимат тудыру;
- балаларға, ата-аналарға, тірбиешілерге уақытылы психологиялық көмек көрсету.

«№ 13 бөбекжайы» КМҚК педагог-психологының негізгі қызмет бағыты: психологиялық диагностика, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру, психологиялық профилактика, психологиялық сауаттандыру, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар болып табылады. Психологиялық диагностика аясында тәрбиешілер мен ата-аналарға және өздеріне пайдалы болатын балалардың жеке психикалық ерекшеліктері туралы ақпарат беру бойынша жұмыс жасалады. Педагог-психолог жұмысының негізгі мақсаты-мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық денсаулығы мен білім беру мүдделеріне ықпал ету. Педагог қызметкерлерге, ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеуде, олардың өзара көмек, мейірімділік, жауапкершілік және өзіне деген сенімділік қағидаттарын, басқа тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірмей, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау қабілетін қалыптастыруға жәрдемдесу. Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының толық дамуына және қалыптасуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау.

«№13 бөбекжайында» КМҚК педагог - психолог қызметінің негізгі бағыттары: психологиялық диагностика, психологиялық түзету, психологиялық консультация беру, психологиялық профилактика, психологиялық ағарту, ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс болып табылады. Психологиялық диагностика шеңберінде жұмыс барлық жас топтарындағы балалардың жеке-психикалық ерекшеліктері туралы ақпарат беру бойынша ҚР Мемлекеттік стандарттарына сәйкес жүргізіледі. Балабақшадағы психодиагностикалық жұмыс келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: танымдық саланы диагностикалау (ойлау, есте сақтау, зейін, қабылдау, Мектепке дайындық); эмоционалды-сауық саласын диагностикалау (агрессивті мінез-құлық көріністері, мазасыздық, өзін-өзі бағалау, мектептегі мазасыздық); коммуникативті саланың диагностикасы (құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас деңгейі, топтағы социометриялық мәртебе).

Бейімделу – жаңа, бейтаныс жерге үйрену және шарттарын қабылдау болып саналады. Бейімделу белсенді процесс болып табылады, қорыта келгенде оңды немесе солды нәтижеге жеткізеді. Бейімделудің оң нәтижесі – тән мен жүйкенің пайдалы жағына өзгеруі; ал сол жағы – стресс. 2 – 3 жастағы сәбилердің бейімделу кезеңі – қатал сынның бірі. Бейімделу кезеңінде стресстік жағдайға ұшыраған баланың

эмоционалдык жағдайы нашарлайды. Бақылау кезеңінде баланың психикалық саулығының келесі көрсеткіштері тіркелді: эмоционалдык жағдайы, үлкендермен және балалармен әлеуметтік байланыс, үйреншікті жағдайдың өзгеру реакциясы, тәбеті, ұйқысы.

Баланың балабақшаға табысты бейімделуі үшін, балаларға әр түрлі жаттығулар өткізіледі. Балалардың психо-эмоциялық, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделген уақытта баланың қалыпты механизмін, қарым-қатынас жасай білетін қабілетін өзіндік танымын дамытуға жағдай туғызып болады, үрей және қорқыныш сезімді жою. Бұл жаттығуларды өткізген кейін балалардың көңіл-күйі көтеріп жақсарды.

Балаларға бейімделуі кезеңінде бақылау жұмыс жүргізілген болған. Бақылау кезеңінде баланың психикалық саулығының көрсеткіштері тіркеледі. Жаңадан келген бала бейімделу кезеңінен өтіп бақылауында баланың темпераменті, эмоциялық- сферасы, эмоциялық – қылықтары, тұрақты эмоциясы, жалпы – эмоциялық фоны, қызығуы, балалармен, тәрбиешілермен, ата-аналармен қарым-қатынасы анықталады. Түзету – дамыту міндетін тұжырымдауға арналған материалды алу мақсатында және балаларды мектеп жағдайына үйренуге вариативті жеке маршрут құру үшін педагог – психологпен әр жыл сайын мектепке дайындықтың алдын – ала психологиялық болжамы жасалады (диагностикалық әдіс негізінде).

Кезең	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
2018 - 2019 оқу жылы	35 (67,3%)	17 (32,7%)	-
2019 - 2020 оқу жылы	23 (46%)	27 (54%)	-
2020 - 2021 оқу жылы	27(47,3%)	30 (52,7%)	-
2021 - 2022 оқу жылы	-	-	-

Кеңес беру пункті

«№13 бөбекжайы» КМҚК ата-аналарға арналған консультациялық пунктер бойынша кеңестер беріледі. Кеңес үйде отырған көп балалы, аз қамтылған отбасыларды және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдауға, отбасының тұрмысы мен қаржылық жағдайын жақсартуға, ата-ана жүктемесін азайтуға, аналардың өмір сүру сапасын арттыруға кеңестер беріліп отырады. Кеңес көбіне балалардың қалай бейімделетіні жайында сұрақтар туындайды. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасау барысында балалармен тәрбиелеу-білім беру процестері және дамыту ойын қызметтері көрсетіліп, беріліп отырады. Консультациялық пункттің негізгі міндеті әр баланың сапалы және қол жетімді білім алу құқығын іске асыру, ерте жастағы балалардың балабақшаға табысты бейімделуі мен мектеп жасына дейінгі балаларды күтіп-бағу және дамыту мәселелерінде көмек көрсету. Кеңес беру барысы мамандардан кеңес алынып, жұмыс жоспары құрылады. Тәрбиеленушілердің отбасын әлеуметті зерттеу, бала бақша тәрбиеленушілері және ата-ананың әлеуметті амандығы туралы куәландырады.

Жеке қабілеттерін дамытуда, олардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және түзету және қорғауда, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеуде отбасына қамтамасыз етілетін көмек.

Ата-анамен тығыз әрекеттестікте болмай оқыту – тәрбиелеу жұмысында табыс болуы мүмкін емес. Оқыту және тәрбиелеу процесіне ата - ананы тұрақты қосу бір команданың мүшесі болуға мүмкіндік береді.

Қоғамдық тәрбие және отбасылық сабақтастық және бірлігін қамтамасыз ету мақсатында, балалардың ата-анасына психолого - педагогикалық көмектер көрсету, мектепке дейінгі ұйымға келмейтін отбасы үшін микрорайонда кеңестік пункт құрылды.

2019 жылдан бастап 2021 оқу жылы кезеңіндегі өтілген шаралар:

- Микрорайондағы отбасы мәліметін түзету;
- Отбасын сүйемелдеу бойынша әдістемелік және дидактикалық материалды кеңейту;
- Ата - анаға психолого – педагогикалық кеңес беру;
- Арыз -шағымдары шамасы бойынша ата-анаға пункт кеңес береді.

Тәрбие мен оқу жоспары

Өмірдің алғашқы жылдарында баланы тәрбиелеу көбінесе оның одан әрі толыққанды дамуының сәттілігін анықтайды. Балабақшадағы білім беру қызметін ұйымдастыру процесі күрделі, жоспарланған.

Бөбекжайдағы тәрбие жұмысының мазмұны:

- дене тәрбиесі;
- танымдық дамуы;
- эмоционалды - адамгершілік тәрбие;
- әлеуметтік-тұлғалық тәрбие;
- көркем-эстетикалық;
- балалардың өзара байланыстағы гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, зияткерлік даму.

Мақсатты бағдарлар: руханият, интеллект, денсаулық, мәдениет, жалпыадамзаттық құндылықтар, дүниетаным.

Мақсатты және құндылық бағдарларын анықтау білім беру жүйесі құрылған принциптерді тұжырымдауды қажет етті:

- табиғат сәйкестігі;
- тұтастық;
- ашықтық;
- ғылымилық;
- тұлғаға бағытталған өзара іс-қимыл;
- адамгершілік;
- мақсаттылық;
- өнімді және шығармашылық қызметтің репродуктивтік қызметтен басымдығы;
- жалпы нәтижелерге жалпы қызығушылық;
- қоршаған орта эстетикасы.

Біз білім беруді баланың жеке басына әсер етудің әлеуметтік ұйымдастырылған жүйесінің жетекші факторы ретінде қарастырамыз.

Мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігі мыналарды қамтиды:

- баланың дамуының негізгі бағыттарын, жас, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін ескеру;
- тәрбиеленушілердің танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылу;
- тәрбиеленушілер үшін еркін іс-әрекеттің неғұрлым маңызды нысандары мен тәсілдерін (қарым-қатынас, ойын, қызметтің өнімді түрлері) байыту, білімдерін толықтыру;
- педагогтың балалармен қарым-қатынасы.

Білім алушылардың білім сапасын бағалау

Тәрбиеленушілер білімдер сапасын жоғарлатуға бағытталған жан- жақты өлшемдер жүйесі; білім беру сапасын балақша ішінде бақылау жөніндегі ереженің бар болуы.

Мектепке дейінгі салада педагогикалық процесінің ұйымдастырылуы мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқуытудың құзыретті тәсілдеме; бес білім салалары (Денсаулық, Қатынас, Шығармашылық, Таным, Әлеумет) арқылы танымдық қызметін ұйымдастырудың интегралды тәсілдеме; құзыретті даму индикаторлар негізіндегі әрбір баланың жетістіктерді жүзеге асыру диагностикасы негізінде қамсыздандырылады. Балабақшада көрсетілген қызметтер сапасының мониторингі туралы ережесінің негізінде

тәрбиеленушілермен тәрбиелеу оқыту жұмысының бақылауы мен талдауы жүзеге асырылады. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес бес білім салалары бойынша балалардың құзыретті даму көрсеткіштері мониторингін ұйымдастырудың мақсаты балалардың дамуына жағымсыз әсерлердің алдын алуға арналған балабақша ортасы жағдайларын, жаңа құзыретті парадигмасына сәйкес тәрбиелеу оқыту қызметін сапалы бағалау және түзету.

Ережеде белгіленген мониторинг міндеттері:

- Баланың құзыретті дамуын бақылау және оның бес салалары бойынша жылжуы;
- Тәрбие оқыту процесіне әсер ететін жағымды факторларды нығайту және сонымен қатар жағымсыз факторларды нашарлату бойынша шараларды қолдану.

Тәрбиелеу оқыту процесінің уақытылы, жүйелі және мақсатты бақылауы педагогтардың әдістемелік сауаттылығы және технологиялық құзыреттілігінің кәсіби деңгейін жоғарлату бойынша жұмысында үлкен рөл атқарады, ол мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жетуіне әсер етеді.

Тәрбиешілердің баланың қызығушылығына, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың қажеттілігіне сенеді, ол мынадай пікірлерді нығайту үшін бағыт көрсетеді:

- Бала – отбасы мен қоғамның бір бөлігі болып табылады;
- Балалар, олардың қажеттілігін назарға алып, жекелеу кейіпті қанағаттандырғанда ғана гүлдейді.

Ата-аналарды оқу - тәрбие үрдісіне тарту, баланың балабақшадағы бірінші күнінен басталады. Ата-аналар ашық оқу іс-әрекетіне қатысып, үнемі диагностикалық жеке карталарды қарап отырады. Жыл сайын мектепке дейінгі мекемелерде ата-аналар мен тәрбиешілер арасында сауалнамалар өткізіліп, ата-аналар мен тәрбиешілер білім беруді ұйымдастыруда бірігіп жасаған жұмыстарына баға береді. Сауалнамалар педагогикалық кеңестер мен отырыстарда бекітіледі.

Орталық балалар дамуына болжау жасау және мониторинг жүргізуді әдістемелік қамтамасыз ету үшін, индикаторлар жүйесін-мектеп жасына дейінгі балалар біліктілігін дамуы өлшеуіштерін сапалы деңгейде байқап-бақылап отыруға көмегін тигізеді.

Мұндай болжау-бағалауды педагог өзі жүргізеді: осылайша бағалаушы құрал тәрбиешілердің өздері үшін де олардың алдағы қызметіне бағдар беру арқылы білім беру құралы болып қалады.

Тәрбиеленушінің білімдерін бағалау тәртібі:

- Бала адамгершілік мәдениет жетістіктерін өз жасына сай ешбір физикалық және психикалық қысымсыз меңгеруі үшін, тәрбие мен оқытуды денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, ұйымдастыру керек;
- Жаңа буын бағдарламалары мен оған қажетті әдістемелік құралдарды қолдану қажет;
- Баланың өзін-өзі дамытуы үшін пәндік дамыту ортасын байыту, толықтыру керек.

Ішкі бақылауды ұйымдастыру

Бөбекжай - бақшасының жүйесіне талдау келесі жағдайды көрсетеді, осы бағыт не басқару циклдарының барлық функцияларымен тығыз байланысқан: жоспарлау, нысана анықтағандықпен, талдаумен және жұмыстың жылдық жоспарына қосылған. Бақылаудың жүзеге асыруына оның мақсаттары және есептердің анықтауы, (жаднама, схема, сауалнама) бақылаудың процесс қолданылатын құралдардың оған араласу, әзірлеу қабылдаушы тұлғалардың анықтауы алдында болады.

Бақылаудың бағыттары:

- оқу - тәрбиелік процесстің есептерінің игеруінің нәтижелері;
- нақтылы облыстағы қабылдаулар және технологиялардың әдістерінің кәсіби ұстаным деңгейі, білім және әбден жетілдіруі;

- өзара әрекеттесудің тұрғылары ата-аналармен;
- басқару әсерлердің сапасы тәрбиелік - білім беретін процесс.

Бақылаудың күйі бүтіндік суретті тәрбиелік қамтамасыз ететін түрлері - білім беретін процесс:

- Тақырыптық
- Салыстырмалы
- Дербесті
- Ескертілгені
- Фронталдық

Біз табысты жоспарланған нәтижені бақылау жүйесін тұрғыза жоғары дәрежелі анықтап санап шығамыз мақсаттар технологиялық үдерісті жүйе арқылы нақтылы. Логиканы басқару әсерлердің құрылымы бартәрбиелік - білім беретін процесспенұластырамыз.

Бақылаудың нәтижелері мәліметтер, ақпараттық және аналитикалық мәліметтер түрлерінде жетеді және қажет болғандықтан әдістемелік хаттармен сүйеніп отырады. Мұндай шаралардың жүйесі балалардың білімдерінің сапасын көруге және ұстаздың шығармашылық өсуіне бір уақытта мүмкіндік береді және дер кезінде түзетуіс-шараларын ұсынады.Соңғы жылдар аралығында бөбекжай-бақшасында диагностикалық сипаттың материалы, тәрбиеленушілердің білімі және жүйеде өлшеп нақтылы кесіндідегі ортақ білім деңгей тәрбиелік бағалауға жинаған - білім беретін процессінде мүмкіндік береді.

Тәрбиеленушілердің оқыту сапасын іштей бақылаудың ұйымдастырылуы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі

Жоспарлы жұмыстардың нәтижесінде міндеттерді іске асыру жөніндегі бағдарламаны дамыту, дұрыс салынған білім беру процесі, қолданылатын технологиялар және жасалған жағдайлар, бала бақшада мектепке дейінгі балалардың дамуының оң динамикасы барлық бағыттары бойынша жүйелі қадағаланады. Білім беру облыстары бойынша мониторинг нәтижелерін тәрбиеленушілермен бағдарламалық материалды игеру балалардың біліктілік даму индикаторлары жүйелері негізінде өткізіледі. Даму бағдарламасының, дұрыс жасалған білім беру процесінің, асалған ағдайлар мен пайдаланатын технологиялардың міндеттерін жүзеге асыру бойынша жоспарлы жұмыстың нәтижесінде бөбекжайда барлық бағыттар бойынша дамудың жағымды динамикасы жүйелі түрде бақыланады. Тәрбиеленушілердің білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалын меңгеру нәтижелерінің мониторингі 1 жастан бастап 1 сыныпқа дейінгі күзіретті дамудың индикаторлар жүйесі негізінде өткізіледі.

Үш жылдағы тәрбиеленушілердің даму біліктілігінің салыстырмалы кестесі

Білім беру саласы	2018 – 2019 оқу жылы			2019 - 2020 оқу жылы			2020 - 2021 оқу жылы			2021 - 2022 оқу жылы		
	Б.	А.	Қ.	Б.	А.	Қ.	Б.	А.	Қ.	Б.	А.	Қ.
«Денсаулық»	54%	24%	77%	57%	37%	85%	65%	38%	88%	67%		
«Қатынас»	44%	14%	68%	45%	25%	77,4%	42%	25%	80%	49%		
«Таным»	39%	14%	69%	52%	23%	73%	55%	25%	83%	57%		
«Шығармашылық»	49%	26%	73%	52%	30%	84%	60%	32%	88%	68%		
«Әлеумет»	54%	20%	73%	55%	25%	84%	48%	26%	87%	56%		

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, Бақылау парағы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптері бойынша өткізіледі. Осы берілген жылдар және биылғы жылдың бастапқы бақылауы толтырылды. Енді жылдардың қорытынды көрсеткішіне келетін болсақ, әр жылда өзінің проблемалық көрсеткішіне байланысты алдағы оқу жылына мақсат пен міндет қойып, күтілетін нәтижесінде көреміз. Яғни, қорытынды бақылау ІІ жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді.

Алайда мектепке дейінгі білім беру бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының барлық бағытымен оқу жылы ішіндегі сияқты, сондай үш жыл тұтастай бала бақша тәрбиеленушілерінің даму динамикасы қадағаланады.

Денсаулық туралы мәлімет

Медициналық-педагогикалық ұжым «Балалардың денсаулығын қорғау және бекіту туралы балабақшаның кешенді жоспарына» сәйкес жұмыс істеді және мектепке дейінгі балалардың күн тәртібіне денсаулық сақтау технологияларын енгізді, мерзімдік сауықтыру, тағамдардың дәруменделуі, фитотерапия, денсаулық күндері, апталықтар өткізілді. Орта топтарда білім процессінде, ал басқа топтарда – тәрбие процессінде «Қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздері, валеология» байқауы ретінде өткізіледі. Әр оқу жылында мақсатты бағдарланған, жүйелі жоспарлау жұмысын барлық ұжым болып жүргізеді, сондықтан балалардың денсаулығын қорғау, оларды оңалту және сауықтыру балабақшада басымдық танытады. Оқу жылы ағымында балабақша педагогтары келесі мақсаттарды басшылыққа алды: балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және бекіту; балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, олардың эмоционалдық амандығына қамқорлық жасау; қажет ететін балалардың дамуының ауытқушылықтарын коррекциялау; балаларды мектепке даярлау, баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара әрекет ету. Дене тәрбиесін жүзеге асыруда педагогикалық ұжым келесі мақсаттарды басшылыққа алды: мектепке дейінгі балалардың физикалық сапасын жан жақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, өмірге қажетті қимыл біліктері мен машықтарын қалыптастыру және жетілдіру, физикалық жаттығуларды күнделікті ұйымдасқан оқу қызметтерінде қажеттілігін тәрбиелеу. Дене шынықтыру бойынша ҰОҚ жұмыс оқу жоспарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізілді. Дене шынықтыру нұсқаушысы Махшат Ғ.Қ. әр топтардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың денсаулығының бұзылуының талдауына сәйкес ҰОҚ жоспарлауда: арқаны тіке ұстау, майтабандықтың алдын алу, ауру-сырқаудың жоғарғы тыныс алу жолдарын коррекциялау үшін жаттығулар мен ойындар саны ескерілді.

Балаларға жекелеген - дифференцияланған қатынас жүзеге асырылды: жүктемені анықтауда физикалық дайындығы мен денсаулық деңгейі ескерілді. Жүйеде жүргізілді: ағзаны жаттықтыру мен сауықтыру құралы ретінде таңғы гимнастика, шынықтыру (ауа және су процедуралары, дене шынықтыру сабақтарында жалаң аяқ жүру), серуендегі қимылды ойындар, ҰОҚ барысындағы сергіту сәттері. Физикалық тәрбиелеуді жүзеге асыруда медициналық-педагогикалық бақылау жүргізілді.

Суық тиюдің жоғары тыныс алу жолдарын және арқасының тік ұстауының бұзылуына бейім, майтабандық, негізгі қимыл түрлерінде қалатындар, реабилитациялық-коррекциялық жұмыстар жүргізілді. Денсаулық сақтау технологияларын қолдана ашық көріністер ұйымдастырылды және өткізілді. Балалардың физикалық жаттығуларға, жақсы қимыл біліктеріне тұрақты қызығушылықтарын қалыптастырды, ұқыптылық, ептілік, жылдамдық секілді физикалық сапаларын дамытты. Спорттық ойын - сауықтар, отбасылық спорттық жарыстар қызықты өткізілді. Балалар қызығушылықпен музыкалық – ойын - сауық түрінде музыкалық-ритмикалық қимылдар мен шығармашылық жаттығуларды меңгерді.

Балалардың тамақтануы келесі принциптер ескере ұйымдастырылды: баланстық, рационалдық, тағамдарды дайындаудың технологиясын қатаң орындау және сақтау, тамақтанудың күндік табиғи нормаларды орындау, ата-аналар пікірін ескеру, талап етілетін санитарлық нормалар

мен ережелерге сәйкес, балабақшаның қоймасы қажетті технологиялық құралдармен жабдықталған. Балалар күнделікті дәрумендер қабылдады: сусындар, көкөністер, жемістер. Қамқорлық кеңесімен және сауықтыру сұрақтары бойынша ата-аналар жиналыстарында, конференцияларда, жаңа тағамдардың презентациясы және т.б. жүйелі ақпараттандырылды.

Балабақша тәрбиеленушілерінің денсаулықтарын сақтау және бекіту бойынша жұмыстары жүйелі жетілдірілуде және модернизациялануда. Балабақшадағы балалардың физикалық дамуы жас ерекшеліктері талаптарына сәйкес. Балалардың бойында қажетті қимыл біліктері мен машықтары қалыптасқан, күнделікті физикалық жаттығуларға қажеттіліктері дамыған.

Тәрбиеленушілер контингенті

Баланы тәрбиелеу мен оқытудың қолайлы дамуы екі әлеуметтік институты – балабақша мен отбасының тығыз қарым-қатынасын жүзеге асыруда ғана мүмкін болады. Бұл үшін бала отбасының әлеуметтік-мәдени қажеттілігінің анық көрінісі нақты тәрбиеленуші отбасыларының құрылымы және үлгісі қажет.

Балалар контингенті туралы мәлімет

Оқу жылы	топтар саны	балалар саны	жас топтары бойынша балалар саны			
			Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ	Мектепалды даярлық топ
2018 - 2019	6	162	25	54	52	31
2019 - 2020	6	154	25	27	54	48
2020 - 2021	6	152	25	41	27	59
2021 - 2022	6	142	48	47	26	21

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің 2018 - 2019 оқу жылында 162 бала санын құраса, ал 2019 - 2020 оқу жылында мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша 154 бала болса, 2020 – 2021 - 2022 оқу жылында жаңадан шағын аудандардың ашылуына байланысты балалар басқа балабақшаларға ауысып кетті.

Сондай - ақ басқа ұлт өкілдері 2017 - 2018 оқу жылдарында 2 баладан болса, биылғы 2021-2022 оқу жылында 4 орыс ұлты, 1 татар ұлты және 1 украин ұлты қосылды.

Оқу жылы	бала саны	ұл балалар		қыз балалар		ұлттар бойынша		
						қазақтар	орыстар	басқа ұлттар
2018 - 2019	162	83	51,2%	79	48,7%	161/99,3%	1/0,6%	0/0%
2019 - 2020	154	80	51,9%	74	48%	153/99,3%	1/0,6%	0/0%
2020 - 2021	152	84	55,2%	68	44,7%	146/96%	3/2%	3/2%
2021 - 2022	142	83	58,4%	59	41,5%	136/95,7%	4/2,8%	2/1,4%

Оқу жылы	Бала саны	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Көп балалы	Жайлы отбасы	Қолайсыз отбасы
2018 - 2019	162	160	2	11	162	0
2019 - 2020	154	147	7	20	154	0
2020 - 2021	152	145	7	22	152	0
2021 - 2022	142	133	9	23	142	0

Тәрбиеленушілер отбасыларының әлеуметтік паспорты:

- ✓ Жалпы отбасы саны - 145;
- ✓ оның ішінде: толық – 123;
- ✓ толық емес – 9;
- ✓ көп балалы – 23;
- ✓ мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасылар - 0;

Отбасының әлеуметтік құрамы:

- ✓ қызметкерлер -72 ;
